(Taslak)

ТҮРКІ КЕҢЕСІ
ТҮРКІ УНИВЕРСИТЕТТЕР ОДАҒЫ
СТУДЕНТТЕР КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

I БӨЛІМ
Мақсат, ая, негіздеме және анықтамалар

Мақсаты

1-бап – (1) Осы Ереженің мақсаты Түркі кеңесі Түркі университеттер одағына мүше университеттердің білімгерлері арасында білім, мәдениет және спорт салаларында ынтымақтастықты дамытатын Студенттер кеңесін құру және осы кеңестің құрылымы, міндеттері, өкілеттігі мен жұмыс тәртібін белгілеу.

Аясы

2-бап - (1) Осы Ереже Түркі кеңесі Түркі университеттер одағына мүше университеттердің білімгерлеріне уәкілдік жасау өкілеттігімен құрылатын Түркі кеңесінің жанындағы Түркі университеттер одағының Студенттер кеңесінің құрылымы, міндеттері, өкілеттігі мен жұмыс тәртібіне байланысты үкімдерді қамтиды.

Негіздемесі

3-бап - (1) Осы Ереже 2013 жылдың 22 қарашасында Ескішаһарда өткен Түркі кеңесі Білім министрлерінің жиынында қабылданған Түркі университеттер одағы және жоғары білім беру кеңістігін құру Ережесінің 6-бабының 11 және 12 тармақшаларына негізделіп дайындалды.

Анықтамалар

4-бап - (1) Осы Ережедегі

a) "Одақ" Түркі кеңесінің жанында құрылған Түркі университеттер одағын,
b) "Студенттер кеңесі" Одаққа мүше университеттерден сайланған студенттерден құралған кеңесті,
c) "Хатшылық" Түркі кеңесінің Бас хатшылығын,
d) "Түркі кеңесі" Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін

білдіреді.

II БӨЛІМ
Өкілдерді сайлау, кеңестің міндеттері және жұмыс істеу негіздері

Студент өкілдерін сайлауға байланысты жалпы ережелер

5-бап – (1) Одаққа мүше университеттер Студенттер кеңесінің мүшелерін белгілеуге және органдарын түзуге бағытталған сайлауды Хатшылық және Одаққа төрағалық етіп отырған университет бірлесе белгілеген күнтізбе, мерзім және бағдарламаға сүйеніп өткізеді.

Студент өкілдігіне үміткерлерге қойылатын талаптар

6-бап – (1) Студенттер кеңесіне сайланғысы келетін үміткерлердің магистратура немесе докторантурада оқулары және өз елдеріне лайықты түрде өкілдік жасай алатын қабілетке ие болулары керек.

Студенттер кеңесінің міндеттері

7-бап – (1) Студенттер кеңесінің мүше мемлекеттердің жоғарғы оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты дамыту тұрғысындағы міндеттері:

a) Мүше университеттердің білімгерлері арасындағы ынтымақтастықты дамыту,

b) Мүше мемлекеттер арасында студент мобильдігі бағдарламаларының таныстыру және қатыстыру жұмыстарына үлес қосу,

c) Мүше мемлекеттердің арасындағы мәдени және тарихи байланыстарды одан сайын нығайта түсетін академиялық жобаларды дайындау және жүзеге асыру.

Кеңестің жұмыс істеу негіздері

8-бап – (1) Мүше мемлекеттер Студенттер кеңесі мүшелігіне сайлаудың ережелерін, үшбу Ережедегі үкімдерге қайшы келмеу шартымен, өз заңнамаларына сәйкес белгілейді.

(2) Студенттер кеңесінің жұмыс істеу әдістері мен негіздері мынадай:

a) Студенттер кеңесінің төрағалығын Одаққа төрағалық етіп отырған университеттің өкілі жүзеге асырады.

b) Студенттер кеңесінің төрағасы өз міндеттерін өз университеті төраға болып тұрған мерзім бойынша жүзеге асырады.

c) Студенттер кеңесі жылына кемінде бір рет төраға университет белгілеген күнде және жерде жиналады.

III БӨЛІМ
Соңғы үкімдер

Студенттер кеңесінің шығындарын өтеу

9-бап – (1) Студенттер кеңесінде қызмет ететін білімгерлердің үшбу Ережеге сәйкес ел ішіндегі немесе шетеледегі жұмыстарына байланысты шығындарды өз университеттері төлейді.

Студенттер кеңесі жұмысының үйлестірілуі және жүзеге асырылуы

10-бап – (1) Студенттер кеңесінің жұмыстарын тиісті жоғарғы оқу орындарымен үйлесім ішінде және, қажет болған жағдайда, тиісті ұйым және органдардың мақұлдауын ала отырып, Хатшылық жүргізеді.

Үкім болмаған жағдайлар

11-бап- (1) Үшбу ережеде қандай да бір мәселені реттеуге байланысты үкім болмаған жағдайда Одақтың пленарлық жиынының шешімдері жүзеге асырылады.

Ереже дайындалған тілдер

12-бап- (1) Осы Ереже әзербайжан, қазақ, қырғыз және түрік тілдерінде дайындалды.

Күшіне енуі

13-бап – (1) Осы Ереженің үкімдері Одақтың пленарлық жиынында қабылданған соң Түркі кеңесі Білім министрлерінің жиынында мақұлданғаннан кейін күшіне енеді.

Жүзеге асырылуы

14-бап – (1) Үшбу Ереженің үкімдерін Студенттер кеңесі және Хатшылық бірлесе жүзеге асырады.